

10 сабақ тапсырмалары.

№1. Мына өрнектердің мәндерін салыстырып, нәтижесін теңсіздік ($<$, $>$) белгілерімен жазыңыз:

- 1) $x + 0,5$ және $x - (-0,3)$
- 2) $n : (-7)$ және $n : 7$

№2. Рая мен Маржан дәптердер сатып алды. Рая бір дәптерді 20 тг – ден, ал Маржан бір дәптерді 30 тг – ден сатып алды. Маржанның сатып алған дәптерлерінің саны Раяның сатып алған дәптерлер санының жартысына тең. Қыздардың қайсысы көп ақша төледі?

№3. Үш қорапшаға 12 қарындаш салынған. Үшінші қорапшадағы қарындаш саны бірінші қорапшадағыдан артық, бірақ екінші қорапшадағыдан кем. Егер үшінші қорапшада 4 қарындаш болса, бірінші қорапшада, екінші қорапшада неше қарындаш болуы мүмкін? Есептің неше шешімі бар ?

№4. Сағат 11 – де А қаласынан жүк мәшинесі 60 км/сағ жылдамдықпен В қаласына шықты. Жүк мәшинесі 1 сағ 30 минут жүрген соң, оған қарсы В қаласынан 100 км/сағ жылдамдықпен жеңіл мәшине шықты. Олар сағат 14 – те бір – бірімен кездесті. Мәшинелердің кездескен жері А қаласына жақын ба, әлде В қаласына жақын ба?

№5. Велосипедшінің жылдамдығы x км/сағ, ол 13 км/сағ – тан артық, мотоциклшінің жылдамдығы y км/сағ, ол 38 км/сағ – тан артық. Велосипедші мен мотоциклші бір жерден бір уақытта бір – бірінен қарама – қарсы бағытта жүрді. Олар 1 сағ өткен соң бір – бірінен неше километр қашықтықта болатынын бағалаңыз.

№6. Токарь бірінші күні x бөлшек, ал екінші күні y бөлшек дайындады. Егер $x > 120$, $y < 100$ болса, токарьдың бірінші күні екінші күнге қарағанда неше бөлшек артық дайындағанын бағалаңыз.

№7. Бір көйлек 2 метрден артық, 3 метрден кем матадан тіліледі. 5 көйлек неше метр матадан тігілетінін бағалаңыз.

№8. Әлихан бағасы a теңгеден 3 қалам, және бағасы b теңгеден 2 дәптер сатып алды. Егер $a < 60$, $b < 150$ болса, Әлиханның сатып алған барлық затының құны неше теңге болатынын бағалаңыз.

№9. Тік төртбұрыштың ұзындығы x см, ені y см. $7 < x < 9$ және $3 < y < 5$ болғандағы тік төртбұрыштың ауданын бағалаңыз.

№10. Сан аралықтарын координаталық түзуде кескіндеп, теңсіздікпен жазыңыз:

- 1) Бас нүктесінің координатасы 3 – ке тең сәулені кескіндеңдер. Осындай неше сәулені кескіндеуге болады?
- 2) -5 тен 2 – ге дейінгі интервалды;
- 3) -1 – ден 6 – ға дайінгі кесіндіні.

№11. Координаталық түзуді пайдаланып, сан аралықтарының қиылысуын табыңыз:

- 1) $(-7; 5]$, $(-4; +\infty)$ және $[-1; 9)$;
- 2) $(-\infty; -6]$, $[-6; +\infty)$ және $[-6; 1)$.

№12. Координаталық түзуді пайдаланып, сан аралықтарының бірігуін табыңыз:

- 1) $(-\infty; 5]$, $(-2; +\infty)$ және $[0; 8]$;
- 2) $(-7; 5)$, $(-1; 9)$ және $(7; 12)$;

№13. Координаталық түзуді пайдаланып, сан аралықтарының қиылысуын, бірігуін тауып, кестені толтырыңдар:

Сан аралығы	$[-3; 5]$ және $[-1; 9]$	$(-5; 7]$ және $[7; 12)$	$(-4; 8]$ және $[0; 10)$	$(-7; 3]$ және $[6; 15)$
Сан аралықтарының қиылысуы				
Сан аралықтарының бірігуі				